

Педагогика мен білім беру салаларында жасалған жобалардың негізгі нәтижелері келесі жетістіктерді көрсетеді:

- болашақ математика мұғалімдерінің мектепте білімді ақпараттандыру арқылы кәсіби білім беру саласында ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандырылудың дайындалуы (Медеуов Е.У.);

- Инновациялық менеджментті оқыту үшін қазақстандық инновациялық компаниялардың 10 кейсін әзірлеу (Құлсариева А.Т.);

- Қазіргі заманға сай математикалық білім беруге арналған әл-Фараби трактаттарының геометриялық фигураларын құру алгоритмдерінің математикалық негіздемелері алынған

(Бидайбеков Е.Ы.);

- елдегі педагогикалық білім берудің әлемдік білім беру институттарымен, бағдарламаларымен және стандарттарымен өзара әрекеттесудің даму жағдайларын жалпы бағалау ісі жүргізілді. (Абылқасымова А.Е.);

-Түрік әдебиетін оқыту моделдері дайындалды

(Жұмажанова Т.К.);

- негізгі үрдістерді талдау мен ҚР арнайы педагогтарды даярлау мәселелері жүзеге асырылды, дефектологиялық білім беруді кадрлар есебімен қамтамасыздандыруға статистикалық зерттеу жүргізілді

(С.М. Кеңесбаев);

- инновациялық психотехнология жүйесінің этномәдени қырларын есепке ала отырып, алғаш рет кешенді үлгі құрылды (Намазбаева Ж.Ы.);

Гуманитарлық ғылымдар саласында:

Шығыс тілдері мен әдебиеттеріне әлемдік мәдениеттің бірыңғай жүйесінің бір бөлігі ретінде кешенді зерттеу жүргізілді (Мирзоев К.И.);

- Отбасы мен баланы әлеуметтік құқықтарын реттейтін заңдардың жемқорлыққа қарсы сараптамаларды жүргізу нәтижелері бойынша қорытынды дайындалды; ҚР ішкі заңнамаларындағы бала және отбасы әлеуметтік құқықтарының халықаралық стандарттардың тасымалдау жолдарына талдау жүргізілді (Хамзина Ж.А.);

- 16 плюцентрлі тілдердің сипаттамасы берілді, оларға салыстырмалы талдау жүргізілді, Қазақстандағы орыс тілінің плюцентрленуі негізделді (Шайбакова Д.Д.);

- мінез-құлық және ұлттық сәйкестіктің әлсіреуіне бағытталған қазақстандық қоғамның билік құрылымдарының саясатына байланысты ұстанымдардың әсеріне кешенді зерттеу жүргізілді; тарихты қайта құру үшін Қазақстандағы кеңес дәуірінің күнделікті өміріне кешенді талдау жүргізілді (Койгелдиев М.К.).

Жаратылыстану ғылымдары саласында:

- Ағын суды тазартудың белсенді тұнба мен шөгінділер микроорганизмдерінің ынталандырылуын пайдалану арқылы радиациялы-модификацияланған биотехнология дайындалды (мысалға Алматы қаласы алынды) (Есырев О.В.);

- әр түрлі металл, магнит өрістерінің, механикалық және басқа да әсер ету құрамаларының негізінде сәулеленуді пайдалану арқылы материалдарды алудың жаңа радиациялы-химиялық технологиясы құрылды (гафний, молибден, темір, титан, кремний, азот, полимерлер және т. б.) (Купчишин А. И.);

- берілген қасиеттеріне қарай жаңа керамикалық материалдарды алудың жаңа екі әдісі әзірленді (Құлбек М. Қ.);

- орнықты инновациялы дамуы үшін Текелі және Жезқазған қалаларының табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау әдістемесі жасалды; Текелі және Жезқазған қалаларының физикалық-географиялық қаңқасының кестесі құрылды (Бейсенова А. С.);

- алғаш рет қазақстандық су қоймаларының интродукция орындарының құбылмалы форелдерінің популяцияланудың гидрохимиялық және биологиялық мониторингісі жүргізілді; алғаш рет қазақстандық құбылмалы форелдер популяциясының молекулярлы-генетикалық әдісімен ДНҚ жүргізілді (Мынбаева Б.Н.);

- полимерлі медициналық материалдарына бөлшектердің әсер етуінің кешенді технологиялары әзірленді.

2015 жылы **энергетика саласында** ҚР БҒМ «Микро-гидравликалық электр станциялары мен роторлы-құйынды жылу генераторларының және олардың өндірісте қолданылуының тәжірибелік-өндірістік үлгілерін дайындау» жобасы бойынша грант аяқталды (жетекшісі - доцент Лысенко В. С.). 2016 ж. ақпан айында энергетика Министрлігі конкурстық комиссиясы бойынша аталған жоба ЭКСПО-2017 байқаудан өтті. ҚР зерттеу басымдылығы бес инновациялық патенттермен расталған. 2015 жылы Евразиялық патентке 4 өтініш берілді.

Тақырып бойынша ғылыми журналдарда 2 монография, 3 мақала ал Англия, Чехия, Россия және Бразилиядағы халықаралық ғылыми конференцияларда 8 мақала жарияланды.

Тәжірибелі үлгілері гидротурбиналардың "Нұрлытау" ЖШС өндірісіне кешенді өндірістік және пайдалану сынақтары енгізілді. Тәжірибелі гидротурбиналардың тиімділігі (к. п. д.) 70-80% - ын құрайды. Жобаның нәтижелері көлемде гидро - және желэнергетикасында қолданылады. Ұсынылатын өнеркәсіптік аналогтары кешенді микро ГЭС әлемде жоқ. Жоба коммерцияландыруға дайын.